

Ресей Федерациясынан жарылғыш материалдардың Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 наурыз N 295

"Экспорттық бақылау туралы" 1996 жылғы 18 маусымдағы Қазақстан Республикасының Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес мөлшерде 2001 жылғы 12 қарашадағы N C-1265/04/2002-НВ келісім-шарт бойынша "Құмтөр Оперейтинг Компани" жабық үлгідегі акционерлік қоғамы (Бішкек қаласы, Қырғыз Республикасы) үшін "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) беретін жарылғыш материалдардың Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жарылғыш материалдардың транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 11 наурыздағы
N 295 қаулысына
қосымша

2001 жылғы 12 қарашадағы N C-1265/04/2002-НВ
келісім-шарт бойынша "Құмтөр Оперейтинг Компани"
жабық үлгідегі акционерлік қоғамы (Бішкек қаласы, Қырғыз

Республикасы) үшін "Нитро-Взрыв" ашық акционерлік
қоғамы (Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы) беретін
жарылғыш материалдардың мөлшері

Р/с!	Тауардың атауы	! Өлшем	! Мөлшері	! Бірлік	! АҚШ
N !	! бірлігі!	! үшін АҚШ	! долларымен		
!	!	!	!долларымен!	жалпы	
!	!	!	! бағасы	!	құны

1.	ПДП-600	кг	79964,4	3,5	279875,4
	ТУ 7276-002-07510000-99				
	шашкалары				
	СЭҚ ТН коды				
	360200000				

Жүк алушы: "Құмтөр Оперейтинг Компани" жабық үлгідегі акционерлік
қоғамы.

Шекаралық өту станциялары: Илецк-1 (Ресей Федерациясы) - Луговая
(Қазақстан Республикасы).

Баратын ақырғы станциясы: Жіл-Арык, Қырғыз темір жолы.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.